

«Абай атындағы №2 мектеп-лицейі» КММ-нің
Қамқоршылық кеңесінің №2 хаттамасының көшірмесі

Балқаш қаласы

«13» қыркүйек 2023 жыл

Өткізілген орны: онлайн ZOOM конференциясы арқылы

Төрағасы: Д.А.Қожақов - қалалық мұражайдың аға ғылыми қызметкері

Қатысқан кеңес мүшелері: 7

Қатыспағандар: 2

Шақырылған қатысушы: ДТЖЖО Ә.М.Өмірхан, әлеуметтік педагог
А.А.Толетаева.

Күн тәртібінде:

1. «Абай атындағы №2 мектеп-лицейі» КММ-нің жалпыға міндетті білім беру қорынан тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша

Отырысты жүргізуші Кеңес төрағасы Қожақов Даулет Асанханович

1. Тындалды:

1. Кеңес төрағасы Д.А.Қожақов: Құрметті кеңес мүшелері, 05.09.2023ж. отырыста асханада ұсынылатын тағам түрлері (прайс) келісіліп, мектеп-лицей басшысының бекітуіне ұсынылған болатын. Және жалпыға міндетті білім беру қорынан тамақтанушы 5-11 сыныптарда оқитын оқушылар тізімі мектеп басшысының бұйрығымен бекітілуге ұсынылды. Қамқоршылық кеңестің шешімінің орындалысы бойынша ақпар сұралады.

Ә.М.Өмірхан: Қайырлы күн, құрметті кеңес мүшелері! Алдыңғы кеңес отырысының шешімінің орындалысы бойынша ақпар: 2023-2024 оқу жылына арналған асханада ұсынылатын тағам түрлерін (прайс) мектеп-лицей басшысы бекітті, қазіргі уақытта прайс мектеп-лицей асханасында көрнікті жерде және мектеп-лицейдің сайтында орналастырылған.

Жалпыға міндетті білім беру қорынан тамақтанушы 5-11 сыныптарда оқитын оқушылар тізімі мектеп басшысының бұйрығымен бекітілді және 06.09.2023 күннен бастап тегін тамақтандыру қамтамасыз етілуде. Қамқоршылық кеңестің шешімі орындалды.

Д.А.Қожақов: Қабылданды. Күн тәртібіндегі сұрақ бойынша сөз кезегін әлеуметтік педагог А.А.Толетаеваға беремін.

А.А.Толетаева: қыркүйектің 5-і күнінен бері «ЕБілімал» жүйесі арқылы жалпыға міндетті білім беру қорынан тегін тамақтануға 4 оқушының заңды өкілінен өтініш келіп түсті. Барлық өтініш қаралып арнайы ереже-талаптарға сай екендігі жайында шешім шығарылды. Назарларыңызға осы 4 оқушының құжаттарын және тізімін келісуге ұсынамын. 1-қосымша.

Д.А. Қожақов: Басқа пікір білдіремін деушілер бар ма? Жоқ!

Д.А. Қожақов: 2023 жылдың 14 қыркүйегінен бастап Абай атындағы №2 мектеп-лицейінде жалпыға міндетті білім беру қорынан тамақтануға ұсынылып отырған 5-11 сыныптарда оқитын 1-қосымшада ұсынылған

оқушылардың ата-аналарының өтінішін қабылдау ереже-талаптарға сай орындалған деп қабылдаймыз ба?

Кім қолдайды? - Барлығы

Қарсы? - Жоқ


Қалыс қалды? Жоқ

Шешім:

1. 2023 жылдың 14 қыркүйегінен бастап Абай атындағы №2 мектеп-лицейінде жалпыға міндетті білім беру қорынан тамақтанушы 5-11 сыныптарда оқитын оқушылар тізімі 1-қосымшаға сәйкес мектеп басшысының бұйрығымен бекітілсін.


2. Шешімнің орындалысын бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Әділет Мәнерханұлы Өмірханға жүктелсін.

Кеңес төрағасы



Д.А. Қожақов

Кеңес хатшысы



Ә.М.Өмірхан